

## Біржолғы талон құнын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 290 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Сырдария аудандық әділет басқармасында 2010 жылы 31 желтоқсанда N 10-8-141 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011 жылғы 13 сәуірдегі N 313 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011.04.13 N 313 шешімімен.**

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36-бабының 6-тармағына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

1. Сырдария ауданы бойынша дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда) біржолғы талон құны 1-қосымшаға және базарларда тауар сату бойынша (базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блок) сатуларды қоспағанда) алынатын біржолғы талон құны 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті*

*XXIX сессиясының төрағасы А. Камалатдин*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы А. Атақиев*

2010 жылғы 24 желтоқсандағы  
аудандық мәслихаттың N 290 шешіміне

1-қосымша

**Сырдария ауданы бойынша дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлеріне (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда) біржолғы талон құны**

Рет N	Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерліктің тізбесі	Құны (теңге)
	Қызметі дүркін-дүркін сипатта болып, қызметтің түрлері	
1	Газет журналдарды қолдан сату	55

2	Тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, екпелер, көшет) сату.	55
3	Бақша дақылдарын сату.	110
4	Саяжайларда және үй жанындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді сату.	60
5	Қосалқы ауыл шаруашылығындағы, бау - бақшалық және саяжайлық учаскелеріндегі өнімдерін сату.	75
6	Жануарлар мен құстарға арналған жемдерді сату.	215
7	Сыпырғыш, сыпыртқы сату	75
8	Жер учаскелерін өңдеу, жырту жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметіне.	320
9	Үй жануарларын, құстарын бағу	110

2010 жылы 24 желтоқсандағы  
аудандық мәслихаттың N 290 шешіміне

2-қосымша

**Сырдария ауданы бойынша базарларда тауар сату бойынша (базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы ( оқшауланған блок) сатуларды қоспағанда) алынатын біржолғы талон құны**

Р N	Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерлік түрінің тізбесі	Құны (теңге)
<b>1</b>	<b>Азық түлік саудасы</b>	
	Жүк автокөліктерден сату	620
	Жеңіл көліктерден сату	270
	Сөреден сату	75
	Қолдан сату	55
<b>2</b>	<b>Өнеркәсіп және құрылыс заттары өнімдерін сату</b>	
	Жүк автокөліктерден сату	620
	Жеңіл көліктерден сату	320
	Сөреден сату	90
	Қолдан сату	80
<b>3</b>	<b>Мал және мал азығы</b>	
	Ірі қара сату	150
	Басқа мал түрлерін сату	65
	Құс және басқа да үй жануарларын сату	30
<b>4</b>	<b>Бақша өнімдерін сату</b>	
	Жүк автокөліктерден сату	300
	Жеңіл көліктерден сату	150
	Сөреден сату	65
	Қолдан сату	50
<b>5</b>	Жұлдызнамаларды және бал ашуларды құрау жөніндегі қызмет көрсетулер	75
<b>6</b>	Гүл сату	60
<b>7</b>	Кесек сату	130

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК